

## Атырау облысы Мақат ауданының Ескене және Байшонас елді мекендерін тарату туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2013 жылғы 17 сәуірдегі № 130-V шешімі және Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 139 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 сәуірде № 2713 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 27, 37-баптарына сәйкес, Атырау облысы Мақат аудандық өкілді және атқарушы органдарының пікірлерін ескере отырып, Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және V шақырылған облыстық мәслихат кезекті XIII сессиясында **Ш Е Ш Т І** :

1. Атырау облысы Мақат ауданының Ескене және Байшонас елді мекендері т а р а т ы л с ы н .

2. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Ә. Шәкімовке және Атырау облыстық мәслихатының заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Т.Б. М ұ қ а т а н о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және олар алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Облыс әкімі*

*М. Қаражігітова*

*Б. Измұхамбетов*

*Мәслихат хатшысы*

*С. Лұқпанов*